

FTAMP 16.31

А. Ергали¹, Х. Ордабекова¹
С. Демирел атындағы университет
Қаскелең, Қазақстан

**ҚАЗІРГІ ЖАСТАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІНДЕГІ
ЖАРГОН СӨЗДЕР (ҚАЗАҚ КИНОФИЛЬМДЕРІ НЕГІЗІНДЕ)**

Аңдатпа. Тілдің тазалығы мен айқындылығы, табиғилығы ұзақ уақыттан бері өзекті болып жүрген мәселе. Қазіргі лингвистикада тілдің әлеуметтік қырын, әлеуметтік ортамен байланысын, әртүрлі әлеуметтік топтарының қарым-қатынасындағы тілдік ерекшеліктер мен мәдениетаралық коммуникацияны алға қойып отыр.

Мақала қазіргі заманғы қазақстандық кинофильмдердегі жастардың сөйлеу тіліне арналған. Жастар қоғамның ең белсенді тобы саналады, сондықтан олар қоғамдық өзгерістерге тез бейімделеді. Қазіргі қазақ жастарының сөйлеу тілі – қоғамның ауызша және жазбаша сөйлеу тіліне елеулі әсер ететін бірегей лингвистикалық құбылыс. Қазақ кинофильмдеріндегі жастардың сөйлеу тілі, бір жағынан, тіл мен сөйлеудің нақты үрдістерін, ал екінші жағынан – белгілі бір тілдік қарым-қатынас стилін қалыптастырады.

Мақалада «Брат или брак», «Бизнес по-казахский», «72 сағатта үйлену» қазақ кинофильмдеріндегі жастардың сөйлеу тіліндегі жаргон сөздер және олардың жасалу жолдары сөз болады.

Кілт сөздер: әлеуметтік лингвистика, сөйлеу тілі, ауызекі сөйлеу тілі, жастар жаргоны, кинофильм, кинодискурс, киноәтін.

Аннотация. В современной лингвистике цели направлены на социальный аспект языка, на связь с социальной средой, на языковые особенности различных социальных групп и межкультурную коммуникацию.

Статья посвящена молодежной речи в современных казахстанских кинофильмах. Молодежь наиболее активная часть общества, которая рефлексивно адаптируется на все изменения, происходящие в нем, в том числе это проявление отражается и в языке. Молодежная речь является уникальным лингвистическим процессом, оказывающим влияние на

письменную и устную речь всего общества. Разговорная речь молодежи в казахских кинофильмах формирует точные тенденции языка и речи, а также способствует формированию определенного стиля общения.

В этой статье рассматриваются вопросы конструкции и использования слов жаргонов молодежи в казахских кинофильмах, такие как «Брат или брак», «Бизнес по-казахски», «72 сағатта үйлену».

Ключевые слова: социолингвистика, речевая деятельность, разговорная речь, молодежный жаргон, кинофильм, кинодискурс, кинотекст.

Abstract. Since the dawn of history, the observance of the norms of language and its clarity and naturalness is very actual. At this time in linguistics in the first place the social side of the language also social relationships of languages and linguistic features and intercultural communications in different social groups.

The article is devoted to the youth speech in the modern Kazakh film. Young people, as we know, are the most active part of society, which reacts vividly to all the changes, including in the language. Therefore, the speech of young people is a unique linguistic phenomenon, which has a significant impact on the language of the whole society.

Films which are transferred to the screen by the speech of modern young people, on the one hand, reflect the actual trends in language and speech, and on the other – form a certain style of communication.

In this article it will be spoken about the jargons of the youth of the Kazakh films as «Брат или брак», «Бизнес по казахский», «72 сағатта үйлену».

Key words: social linguistics, speech language, spoken language, youth jargon, film, film discourse, film text.

Тіл –халықтың тұрмыс-тіршілігімен, мәдениетімен байланысты. Тіл арқылы қоршаған ортаны танимыз, бір-бірімізбен пікір алмасамыз. Адамзат өкілі белгілі бір оқиғаларды, сезім мен тілегін, көңіл-күйін тіл арқылы жеткізіп отырады. Ал сөйлеу арқылы ойқорыту, ұғым қалыптасады. Сонымен қатар, адамдар сөйлеу арқылы коммуникативтік қарым-қатынас орнатады. Тіл мен сөйлеу жөнінде көптеген зерттеулер жүргізілді. Ғалымдар тіл мен сөйлеуді бір-бірінен бөліп те, бір-бірімен тығыз байланыста алып қарастырады. Соңғы жылдары тіл білімінің зерттеу нысаны ретінде тілдік жүйе, осы тілдік жүйенің өзгеріске түсуіне негіз болатын адам баласының сөйлеу тілі, тілдік коммуникация мәселесі қарастырылуда.

Функционалды стильдердің ішінде сөйлеу тілі қарым-қатынас құралы ретінде ауызша және жазбаша формада көрініс табады. Себебі, ауызекі сөйлеу тілі – адамдардың күнделікті өмірде, тұрмыста қарым-қатынас жасайтын құралы. Ғ. Қалиевтің пікірінше ауызекі сөйлеу тілінің өзіндік ерекшеліктері:

- алдын-ала дайындықсыз жүретіндігі;
- әңгіме тақырыбының тез өзгеріп отыратындығы;
- адамдардың тікелей қарым-қатынасы үстінде туатындығы;
- көңіл-күйіне, сезімге байланысты эмоционалды-экспрессивті сөздер;
- жаргондар, диалектизмдер, дөрекі, қарапайым сөздер, варваризмдер, тұрмыстық сөздер орын алатындығы;
- бет қимылы, қол қимылы сияқты бейнелі ишара түрлері жиі кездесетіні сияқты жәйттерден көрінеді [1, 40].

Ауызекі сөйлеу стилінің негізгі мақсаты ақпаратты тікелей және жылдам хабар тарату болғандықтан ауызекі тілде әдеби тілдің нормасына жатпайтын тілдік бірліктер кездеседі. Сол себепті, ауызекі сөйлеу стиліне тән мынадай критерийлер қалыптасқан:

- бейресмилік;
- сөйлеу еркінділігі;
- сөйлеудің жылдам жүзеге асуы;
- тілдік бірліктерді өз қалауынша қолдануы;
- тілдік тәсілдерді сұрыптаудың қажетсіздігі;
- сөйлеу қарым-қатынасының экспрессивтілігі мен эмоционалдығы.

Ауызекі сөйлеу тілінің бейресми қабатына жататын ерекше тақырыптардың бірі – жаргон сөздер. Бұл құбылыс жайлы зерттеулер жүргізілгенмен, арнайы ғылыми-зерттеу нысаны ретінде кеңінен қарастырылмаған.

Тіл білімінде жаргон құбылысы ХХ ғасырдаң 20-шы жылдарынан бастап қарастырылып келеді. Бірақ оған қарамастан бұл құбылыс толықтай қарастырылып, өз сипатын алды деп толық айту қиын. Деседе, жаргон құбылысына алғаш көңіл бөліп, зерттеу жүргізген бірқатар орыс ғалымдары болды. Олар В. А. Хомяков (Введение визучение сленга основного компонента английского просторечия, Москва, 1935), В.М. Жирмунский (Национальный язык и социальные диалекты, Москва, 1936), В.Ф. Трахтенберг (Блатная музыка – жаргон тюрьмы) Г.А. Судзиловский (Сленг – это что такое, Москва, 1973), Л.И. Скворцев (Литературный язык просторечие и жаргоны в их взаимодействиях, Москва, 1977), Е.Г.Борисова (Современный молодежный жаргон, 1980), А.С. Чикобава, К. Косцинский т.б.

Ал ағылшын ғалымдарынан Л. Блумфилд, М. Фасмер, А. Скит т.б. еңбектерін атай аламыз. Бұл құбылыс турасында қазақ ғалымдары Ғ.

Қалиев, А. Махмұтов, І. Кеңесбаев Т. Жанұзақов еңбектерінде жеке анықтама берілген.

Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігінде «жаргон – ортақ мүдделеріне қарай топтасқан, шартты түрде дербес әлеуметтік топтың тілі, ол көбіне жасанды түрде жасалған сөздер мен сөйленістерден тұрады.» – деп көрсетілген [2, 98].

Лексиканың әлеуметтік жақтан зерттелуі сөздерді тілден тыс және әлеуметтік – тарихи факторлармен шарттас сипаттамаларын анықтауда профессор Б. Қ. Момынова ғалымдардың пікіріне сүйене отырып тілден тыс факторлардың үш түрін көрсетеді:

«Олардың біріншісіне өзге тілден сөз қабылдауды жатқызады. Шеттен енген кірме сөздерді іштей жіктеу арқылы олардың шыққан тегі, яғни негіз – тіл, сөздің (сөздердің) қабылданған уақыты, олардың өзге тілге енуіне әсер еткен нақты әлеуметтік – тарихи факторлары сияқты әлеуметтік параметрлерін белгілеуге мүмкіндік аламыз.

Сөздердің сыртқы әлеуметтік сипаттамаларының **екінші** түріне олардың қолданыс жиілігі жатқызылады. Сөздің қолданыстағы активтілігі мен пассивтілігі қоғамдық құбылыстар мен түсініктердің актуальдылығымен байланысты.

Үшіншіден, кез келген сөйленіс ситуацияларында қолданыла беретін бейтарап сөздерге қарағанда, қолданыс аясы кәсіби-топтық, айталық, арнайы салалық сөздердің, номенклатуралық терминдер және функционалдық-стистикалық лексиканың белгілі бір факторларға тәуелді болатыны рас. Мысалы, мұндай сөздерге белгілі топ өкілдері арасында жиі қолданылатын лексикалық элементтер, атап айтқанда, студенттердің сленгтері, жастардың жаргондары жатады да, олар шектемелі (шектеулі) сөздердің тобын жасайды» [3, 29-30 бб].

Жаргон сөздер әдеби тіл нормасына жатпайды, тек бейресми қарым-қатынаста қолданылады және сөз құбылту қызметін атқарады. Сөйлеу тілінде сөздерді дұрыс қолданбау, сөз мағынасын дұрыс тура мағынада түсінбеу сияқты ерекшеліктер кездеседі. Ғ. Қалиев «жаргон» терминіне мынадай анықтама береді: «Жаргон (франц. Jargon) – шағын әлеуметтік топ қолданатын, ешқандай жеке тілдік дербестігі жоқ жалпыхалықтық тілдің тармағы. Жаргонның жалпыхалықтық тілден айырмашылығы лексикасы мен фразеологиясында. Жаргон жағымсыз (қорлау, жақтырмау) ұғымда қолданылады» [1, 130]. Ал І. Кеңесбаев: «Жаргон – үстем таптың жоғарғы топтарының тіл ерекшелігі болса, арго – әлеуметтік төменгі топтарға тән ерекшелік» – деген сипаттама береді [4, 73].

Жаргон – бұл жалпыхалықтық лексика мен фразеологиядан айырмашылығы бар тілдегі өзінше ерекше тіл», – дейді зерттеуші Ли Ин. Ауызша сөйлеу тіліндегі жаргон мынадай қызметтерді атқарады:

- жаңа өмірлік, саяси және экономикалық өзгерістерді жүйлеп баяндау;

- оқырман немесе әңгімелесушіге әсер еткен нәтиже бойынша ерекше мүмкіндікке арналған ауызекі сөйлеу стиіліне қызмет ету сияқты қызмет түрлерін көрсетеді [5, 57].

Жаргон сөздерді анықтаудың негізгі критерийлері:

- белгілі бір әлеуметтік топқа тән екендігі;
- жалпыхалықтық сипатты иелене алмайтындығы;
- тілде бұрыннан бар тілдік бірліктердің мағынасының өзгеруі арқылы;
- көбінесе кірме тіл элементтерінің кірігуінің нәтижесінде жасалатындығы.

Жоғарыда келтірілген анықтамалардан көріп отырғанымыздай жаргон жалпы халықтық ауыз екі сөйлеу тілі нормасына жататын, фразеологизмге ұқсас, өзіндік лексикалық мағынасы бар, бірақ фонетикалық және грамматикалық жүйеге бағынбайтын, жасырын мағыналы сөздер. Орыс тілінде бұл құбылыс жақсы дамып, зерттеу нысанына айналған. Жаргон құбылысына орыс тілінен көптеген мысалдар келтіруге болады. Бірақ, басқа тілдегі жаргон сипатын қазақ тілінде дәл сол қалпы қарастырып, дәлел іздеу жөнсіз. Себебі, тілде қандайда бір терминнің атына лайықты тілдік фактілері болмаса, онда ол терминнің өмір сүруі де екі талай.

Кез келген халықтың таным мен ойлау ерекшелігі оның ұлттық тілінде көрініс тауып қана қоймай, өмір сүру дағдысына, ділдік, руханият, материалдық саладағы қол жеткен жетістіктеріне де байланысты. Сол себепті тіл тек таным мен ойдың вербалдануы қызметін атқарып қоймайды, ол тарихи, мәдени, өркениеттік құндылықтарды насихаттаушы. Осыған орай қазіргі техникалық жетістіктерді кеңінен қолданатын кинофильмдер бүгінде насихаттаушы құралдардың ең көп тараған түрі болып саналады.

Соңғы жылдары көркем фильмді зерттеуге арналған еңбектерде кинофильм, киномәтін, бейне вербалды мәтін, кинодағы диалог, кинодискурс, фильмнің дискурсты кеңістігі, кинематограф, кинематографтық дискурс, кинодағы баяндау секілді түрлі жаңа атаулар мен терминдер пайда болды. Бұл терминдердің қолданыстық сипаты зерттеу аспектісіне байланысты жан-жақты қарастырылып келеді.

Кинофильмдер – белгілі бір ұлттың тарихы мен мәдениетінен, салт-дәстүрінен, тұрмыс-тіршілігінен, танымынан хабардар ететін өнер. Қазіргі кезде кинофильмдер кез келген елдің ұлттық-мәдениетінен көрініс табатын тармағына жатады, әр халықтың өмірінен, мәдениетінен қызықты деректер беретін өнердің ең көп тараған түрі болып табылады [6, 3].

Қазақ кинофильмдеріндегі жастардың сөйлеу тіліне назар аударсақ, көптеген жаргондық қолданыстар мен бейәдеби сөздер тобын кездестіруге болады. Қазіргі кезде кинотеатрлардан көрсетіліп, көрермендердің ықыласына бөленіп жатқан «Брат или брак», «Бизнес по

казахский», «72 сағатта үйлену» киноларында көрініс тапқан жаргондарға талдау жасасақ.

Кесте 1

Жаргон сөздердің кинодискурстағы көрінісі

Жаргон сөз	Мағынасы	Кинодискурстағы көрінісі
Базар жоқ	Келісу, құптау, ұнату немесе таңдану	Мә, базар жоқ.
Жынды	Керемет, күшті	Мынандай жынды туфлиді қайдан алдың, Бибі ? Қоя берсей, мынандай жынды үйді жинаған кайф қой. Қараш, мен деген бүгін жынды киіндім ғой. Жынды киініп алғам ба, өзіншелерский ма ?
Кайф	Рахат	Қоя берсей, мынандай жынды үйді жинаған кайф қой.
Косяк	Тығырық	Ең бастысы, сені косяктан алып шығу керек қой (72 сағатта үйлену). Өзіміздің косяктан өзіміз шығып жүрміз ғо осы (Брат или брак).
Движняк	Би	Движнякқа далаға шыққанский (Брат или брак)
Телка	Қыз сияқты	Лежит как маңырап... телка Ну давай, майыспаш как телка (Брат или брак)
Щегол	Кішкентай	Щегол, таптың ба не ? (Бизнес по-казахский)


Бұл жаргондық қолданыстар жастар арасындағы басқосуларда, қыз бен жігіттің арасындағы қарым-қатынаста, бір-бірімен араздасып қалған кезінде, оқу орнында, сабаққа қатысты жағдаятта жастардың тілінде көрініс табады. Сөйлеу тілінде мұндай қолданыстар сөйлеу әрекеті үстінде машықсыз (спонтанно) шығып отырады. Ал, осы жаргондық қолданыстарды белгілі бір себептерге байланысты кинофильмдерге енгіздіреді.

Дегенмен, жастардың мұндай қолданыстарды сөйлеу тілінде жиі қолдануының да белгілі бір мақсаты бар. Мәселен, жастардың сөйлеу тіліндегі сленгтер мен жаргондар әртүрлі себептерге байланысты қолданылады:

- әсер қалдыруы үшін;
- елден ерекше болу;
- өзгелер түсінбеу үшін;
- әзіл-қалжыңмен, күлкілі болу үшін;
- белгілі бір әлеуметтік топқа жататынын көрсету үшін.
- Жастардың сөйлеу тіліндегі ерекшеліктерге әсер ететін бірнеше экстралингвистикалық факторлар бар. Олар:

Кесте 2

Этнолингвистикалық факторлар



Нәтижесінде, қазақ жастарының сөйлеу тілінде жаргон, сленг т.б. бейәдеби сөздер қатары көбейіп, тіл тазалығын, сөз мәдениетін бұзуда. Мұндай бейәдеби сөздер – әдеби тілдің, тіл мәдениетінің, жалпы лингвистиканың жауы. Осының ішінде кинофильмдер жастардың сөйлеу тіліне айтарлықтай әсер етеді. Себебі, қазіргі таңда жастар кино көреуге бейім келеді және кинотатрларға жиі барады. Сонымен қатар, қазақ кинофильмдерінде орыс тіліне қазақ тілін қосып шұбарлап сөйлеу белең алуа.

Жастар қоғамның ең белсенді тобы болғандықтан қоғамдағы өзгерістерге қатысты қалыптасқан жаңа атаулар мен жаңалықтарға бейім келеді. Жастардың болмысы еліктегіш келетіндіктен алыс жақын шетелдердегі әлем назарына іліккен мәдени жаңалықтарды, өзгерістерді қалт жібермей, ерекше деп таныған тұстарын өз бойына түйіп отыраы анық. Жоғарыда көрсетілген кестеден жастардың сөйлеу тіліндегі жаргон құбылыстардың жасалужолдары әртүрлі екенін байқауға болады.

Қазіргі таңда қазақ жастары үшін басқа тілдерден сөз алу сөздік қорын толтырудың ең өнімді тәсілі деп саналады. Бүгінгі күні орыс тілі мен ағылшын тілі жаңа неологизмдерді импорттаушы тілдер болып табылады.

Кайф – араб тілінен алынған жаргон сөз. Кайф «қанағаттану, рахат, кез келген жағымды эмоциялар; толық қанағаттандыру жағдайы» мағыналарын білдіреді. Ф. Р. Паттонның пайымдауынша «кайф» сөзі

орыс тіліндегі жастар жаргонына түрік тілінен енген [7, 274]. В. С. Елистратов осы сөздің шығу төркінін араб және түрік тілдерімен байланыстырады [8, 162]. Қазақ тіліндегі «кайф» сөзі орыс тілінен енген, ал орыс тіліндегі жаргон сөздер де басқа тілдерден ену арқылы қалыптасқан.

Базар жоқ – орыс тілінен енген жаргон сөз. Мағынасы: сұрақ жоқ, барлығы түсінікті, келісу.

Движняк – орыс тілінен енген жаргон сөз. Мағынасы: кез келген іс-әрекет; топ, жиналыс; идеологиялық қозғалыс; кеш, көңілді жиылыс.

Щегол – орыс тілінен енген жаргон сөз. Мағынасы: кішкентай балалар, бала, айтқанды істейтін бала. Бұл жаргон сөз Қазақстан мен Омскіде кеңінен қолданылады.

Қорыта келгенде, жастар тіліндегі ерекшеліктерді, яғни жаргон, сленг сөздерді түбімен жоймасақ та, тіл тазалығын сақтап, сөз мәдениетін дұрыстап, ана тіліміздің қадір-қасиетін жоғалтпауымыз қажет. Жастарға жалпыхалықтық лексиканың жаргон сөздер, сленг, арготизмдермен ластанып, тілдің шұбарланып бара жатқанын түсіндіру керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Қалиев Ғ. «Тіл білімі терминдерінің сөздігі». – Алматы: «Сөздік – Словарь», 2005. – 440 б.

2 Сүлейменова Ә. Д., Шәймерденова Н. Ж., Смағұлова Ж. С., Ақанова Д. Х. Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігі. – Астана: «Арман», 2008 – 392 б.

3 Момынова Б. Қазақ тіліндегі қоғамдық – саяси лексика: әлеуметтік – бағалауыштық, сөзжасам. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 140 б.

4 Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. Лексика. Фонетика. – Алматы, 1975. – 302 б.

5 Ли Ин. Жаргон в современном русском языке // Вестник КазНПУ им. Абая, серия Филологические науки. – 2005. – №3 (13). – С. 57-60.

6 Нұрмышева Ш.А. Кинодикурс аудармасының коммуникативтік-прагматикалық сипаты: филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты – Алматы: [б.ж.], 2010. – 30 б.

7 Patton, F.R. Expressive Means in Russian Youth Slang [Text] / F.R. Patton // The Slavic and East European Journal. – 1980 – Vol. 24, No. 3. – P. 270-282.

8 Елистратов В.С. Язык старой Москвы: Лингвоэнциклопедический словарь: Около 7000 слов и выражений [Текст] / В.С. Елистратов. – 2-е изд., испр. – М.: АСТ: Астрель: Русские словари: Транзиткнига, 2004. – 795 [5] с.